

## 6B01406 КӘСІПТІК ОҚЫТУ ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК

**Білім беру бағдарламасының мақсаты:** Кәсіби білім беру және кәсіпкерлік саласында заманауи технологияларды меңгерген, еңбек нарығының қазіргі талаптарына сәйкес келетін, ғылыми-педагогикалық және зерттеу қызметін жүзеге асыруға қабілетті білікті мамандарды даярлау

### **УНИВЕРСИТЕТ БАҒДАРЫ, МИССИЯСЫ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, ТҮЛЕК АТТРИБУТТАРЫ**

#### **Бағдары:**

Тез өзгертін әлемде басқаруға қабілетті педагогтарды дамытатын зияткерлік платформа.

#### **Миссиясы:**

Білім беру саласында еліміздің және әлемнің игілігі үшін озық білім мен құндылықтарды жасай, дамыта және тарата алатын көшбасшы ұстаздарды қалыптастыру.

#### **Бағдарламалық мақсаты:**

Университет Орталық Азиядағы білім саласындағы оқытудың, оқудың және зерттеудің инновациялық әдістерінің, сондай-ақ ауыл мектептеріндегі білім беруді дамытудың хабына айналуы мақсат етеді.

#### **Құндылықтары:**

Толық адам тұлғасы, өз ісіне адалдық және қоршаған әлемге деген сүйіспеншілік.

#### **Университет түлегінің атрибуттары:**

- Өз бетімен білім алып, өз тәжірибесінде рефлексия жасап, оны зерттей алады.
- Моральдық-этикалық құндылықтарға е ие және жауапкершілігі мол тұлғалар.
- Терең пәндік, цифрлық құзыреті және кең интеллектуалдық көзқарасы бар кәсіби мамандар.
- Шығармашыл және сыни тұрғыдан ойлана алатын, топта жұмыс істеу және коммуникативтілік дағдылары жоғары дәрежеде.
- Тез өзгертін жағдайларға бейімделе алатын, оқу мен оқытудағы көшбасшылар.
- Өр түрлілікті құрметтейтін, инклюзивті және қоғамдағы теңдік үшін күресе білетін тұлға

### **1.3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ**

*Білім беру бағдарламасының өзектілігі.* 6B01406 Кәсіптік оқыту және кәсіпкерлік білім беру бағдарламасының өзектілігі жаңартылған оқыту бағдарламасына сәйкес заманауи білікті кадрларды даярлау қажеттілігінен негізделген. 6B01406 Кәсіптік оқыту және кәсіпкерлік білім беру бағдарламасы жұмыс берушілер мен тұтынушылардың қажеттіліктері мен ұсыныстарын ескере отырып әзірленген. Бағдарлама адамгершілік, зияткерлік, мәдени дамудың жоғары деңгейін және кәсіби құзыреттілікті қамтамасыз етуге бағытталған инновациялық технологияларды меңгерген оқушыларды қалыптастыру және дамыту бойынша білім беру жүйесі үшін ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауға бағытталған. Нарықтық экономика жағдайында нарықта бәсекеге қабілеттіліктің тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды құрал сыртқы және ішкі ортаға қойылатын талаптарға сәйкес мамандарды даярлау болып табылады.

*Нарықтағы сұранысы.* Статистикалық талдау білім басқармаларының ресми сайты негізінде "Ұлттық білім беру деректер қоры" (ҰБДҚ) автоматтандырылған жинау жүйесінде жүргізілді <https://e.edu.kz/statistics.html> және ақпараттық-талдау орталығы <http://iac.kz>

Ұлттық білім беру деректер базасы Қазақстанда 7 997 мектепке дейінгі ұйым, 7 413 бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымы, 906 балаларға арналған қосымша білім беру ұйымы, 858 техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы, 137 мамандандырылған Білім беру ұйымы, 293 арнайы білім беру ұйымы бар екенін көрсетті. 2017 жылғы деректер бойынша Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы студенттер саны 489 198-ді құрайды, оның ішінде 9-сынып базасында-311 001, 11-сынып базасында-178 197.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерінің саны 29 959, оның ішінде жоғары білімді 29 163. зейнеткерлік жаста 2 909. өндірістік оқыту шеберлерінің саны 5 977, оның ішінде жоғары білімді 3 853. зейнеткерлік жаста 270. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында академиялық және ғылыми дәрежелері бар оқытушылардың саны 2 985 (оқытушылардың жалпы санының 10%), оның ішінде ғылым докторлары, PhD 89, ғылым кандидаттары 273, магистрлер 2 623. Жоғары білімі бар педагогтердің ең жоғары үлесі үлгі жүйесінде жұмыс істейді (90,2%), ең төменгісі - мектепке дейінгі мекемеде (57,9%). Орта арнаулы білімі бар педагогтар мектепке дейінгі мекемелерде және типте жұмыс істейді - 0,6%, жалпы орта білім беруде-0,15%.

Талдау техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында академиялық және ғылыми дәрежелі оқытушылардың жеткіліксіз санын көрсетті.

#### 1.4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Академиялық ұтқырлық	1) М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті (Шымкент)
Траекториялар	А) «Киім дизайны» траекториясы В) «Сәндік-қолданбалы өнер» траекториясы

#### Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасымен сәйкестігі

Институт Марагони - 50%;

Университет Оксфорд - 40%

#### 1.5. БАҒЫТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТҮЛЕКТІҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ОРЫНДАРЫ

6B01406 Кәсіптік оқыту және кәсіпкерлік білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврдың кәсіби қызметінің объектілері:

- білім беру (педагогикалық) – мұғалім: Көркем еңбек және сызу; Кәсіптік оқыту және кәсіпкерлік; Кәсіпкерлік қызмет негіздері; Графика және сызу;
- жалпы білім беретін және орта мектептер, гимназиялар, лицейлер;
- оқу – технологиялық - оқытушы-технолог: колледждерде, кәсіпорындарда, оқу-өндірістік комбинаттарда;
- кәсіптік колледждер; арнаулы орта оқу орындары, оқу-өндірістік комбинаттар;
- оқу-тәрбие - мұғалім, тәрбиеші;
- мектепке дейінгі мекемелер; балалардың шығармашылық ұйымдары, оқушылар үйі және көркем студиялар;
- білім департаменттері;
- мұғалімдер, жұмысшылар мен жұмыспен қамту қызметі мамандардың біліктілігін арттыру жөніндегі мекемелер, кәсіби бағдар беру және кадрларды қайта даярлаудың жергілікті және аймақаралық орталықтары;
- оқу әдебиеті баспалары;
- жобалау-дизайнерлік - конструктор, дизайнер колледжде, кәсіпорында, оқу-өндірістік комбинаттарда;

- әдістемелік - мектептерде, колледждерде, лицейлерде, мектепке дейінгі мекемелерде әдістемелік жұмыс;
- ұйымдастыру-басқару - сыныптан тыс жұмыстар, факультативтер, үйірмелер, дебаттар, ұйымдардағы іс-шаралар;
- өндірістік-басқарушылық;
- білім беру жүйесіндегі менеджер;
- жеке кәсіпкерлік (ателье, шеберхана, тігу және құрастыру курстары, сәндік шеберлік).

## 1.6. КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР САЛАЛАРЫ

6B01406 Кәсіптік оқыту және кәсіпкерлік білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры кәсіби қызметтің келесі түрлерін орындай алады:

### 1 кәсіби құзыреттілік саласы

- білім беру (педагогикалық) - жалпы білім беретін, техникалық және кәсіптік оқу орындарында сабақтар жүргізу; әдістемелік білім мен қолданбалы дағдыларды іске асыру;

### 2 кәсіби құзыреттілік саласы

-оқу–тәрбие - педагогикалық үдерістің заңдары, заңдылықтары, принциптері, тәрбиелік механизмдеріне сәйкес оқу-тәрбие жұмысын жүзеге асыру;

### 3 кәсіби құзыреттілік саласы

- оқу–технологиялық - оқу үрдісінде инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану;

### 4 кәсіби құзыреттілік саласы

- ұйымдастырушылық-басқарушылық - білім берудің әртүрлі деңгейлеріндегі Кәсіптік оқыту және кәсіпкерлік курсының мазмұнын жоспарлау;

### 5 кәсіби құзыреттілік саласы

- әлеуметтік-педагогикалық - білім алушыларды тәрбиелеу және дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау және оларға педагогикалық қолдау көрсету.

## 1.7. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

**ОН 1** - Әлеуметтік-мәдени әртүрлілікті ескере отырып, қарым-қатынастың әртүрлі форматтарын пайдаланады, әл-ауқатты және инклюзивті ортаны қалыптастыруда білім берудегі теңдік пен қолжетімділік қағидаларын құрметтейді, көшбасшылық қасиеттерге ие және оларды ұжымдық әлеуетті дамыту үшін қолдана алады.

**ОН 2** - Кәсіби тапсырмаларды орындау үшін өзін-өзі реттеу мен рефлексияға қабілетті, жоғары деңгейдегі сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын меңгерген.

**ОН 3** - Сандық технологияларды зерттеулер мен қолдануда әдеп және құқықтық нормаларды сақтайды және біледі. Сандық ақпаратпен және деректерді қорғаумен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік шараларын қолданады, сандық ресурстарды белсенді, қауіпсіз және әдепті пайдалануға ықпал етеді.

**ОН 4** –Педагогикалық менеджмент принциптерін, құрылымын, моделін талдайды, еңбек технологиясы мен кәсіпкерлік жүйесінің мазмұнын, әдіс-тәсілдерін, технологияларын компьютерде жұмыс жасаудың дағдыларын танытады.

**ОН 5** - Әр түрлі материалдарды көркемдеп өңдеу кезінде киімнің негіздерін және технологиялық операцияларды жобалау, модельдеуде АКТ пайдалану кезінде дизайнерлік дағдыларды қолданады;

**ОН 6** – Тоқыма материалдарының фурнитуралары мен қасиеттерін, талшықтардың құрамын, астар материалдарын, станоктық жабдық элементтері мен құралдарын жұмыс процесінде, қауіпсіздік ережелерін, сондай-ақ қоршаған ортаны сақтай отырып, тұрмыстық техника туралы практикалық білім мен дағдыларды игеріп пайдаланады;

**ОН 7** – Кәсіби білім берудің әртүрлі деңгейлік жаңартылған бағдарламалары бойынша білім алушылардың жетістіктерін диагностикалау мен бағалаудың, қызметті ұйымдастырудың қазіргі заманғы әдістері мен технологияларын қолдану дағдыларды меңгерген;

**ОН 8** – Тігін бұйымдарының құрастыру технологиясы негізінде жасалған материалдарды және сәндік бұйымдар мен шығармашылық туындыларды жасау үдерісінде визуалды өнерінің теориялық және практикалық білімін қолдана отырып, креативті ойлау дағдыларын қалыптастырады;

**ОН 9** – Кәсіпкерлік саласында тігін бұйымдары технологиясы, сәндік-қолданбалы өнер, компьютерлік графика және басқа да автоматтандырылған бағдарламалар дағдыларын меңгере отырып, кәсіби білімдерін практикада талдайды;

**ОН 10** – Инновациялық технологияларды, функционалдық және заманауи материалдарды пайдалана отырып, көркемдік мақсаттар үшін объектілерді жобалайды;

**ОН 11** – Кәсіпкерлік бизнес-идеяларды пайдалана отырып, нормативтік-құқықтық базаны, экономикалық және құқықтық білімді, салық жүйесін біле отырып және нарық құрылымы мен кәсіпорын бөлімшелерін талдау әдістерін пайдалана отырып, кәсіптік және өзге де міндеттерді шешу кезінде стартап-жобаларды әзірлейді және іске асырады.

### **БББ оқыту нәтижелерін Түлек атрибуттарымен салыстыру матрицасы**

	<b>ОН 1</b>	<b>ОН 2</b>	<b>ОН 3</b>	<b>ОН 4</b>	<b>ОН 5</b>	<b>ОН 6</b>	<b>ОН 7</b>	<b>ОН 8</b>	<b>ОН 9</b>	<b>ОН 10</b>	<b>ОН 11</b>
<b>ТА1</b>				+	+	+	+	+	+	+	+
<b>ТА 2</b>		+							+		
<b>ТА 3</b>	+				+		+				
<b>ТА 4</b>				+				+			+
<b>ТА 5</b>				+		+				+	
<b>ТА 6</b>			+	+				+			

## **1.8. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

**Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:**

- 1) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы.
- 2) "Педагог" кәсіптік стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы.
- 3) «Педагогикалық Ғылымдар» білім беру саласының білім алушылары үшін педагогикалық практиканы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы 27.03.2023 №125 Бұйрық
- 4) Білім беру саласындағы СБШ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жанындағы әлеуметтік серіктестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу салалық үшжақты комиссиясының 2016 жылғы 23 қарашадағы № 2 отырысының хаттамасымен бекітілген.